



Құрметті педагогтер! «Білімді ел – Образованная страна» газеті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген Үздік педагогикалық тәжірибені жариялау үшін ұсынылған басылымдар тізіміне енгізілген. Біздің газетімізде жарияланған мақалаларыңыз – аттестациядан сәтті өтуіңізге қажетті талап.

Уважаемые педагоги! Газета «Білімді ел – Образованная страна» включена в утверждённый Министерством просвещения Республики Казахстан Перечень рекомендованных изданий для публикации лучшей педагогической практики! Ваши статьи в нашей газете – это условие успешного прохождения аттестации.



РЕКОМЕНДОВАНО



Білімді бала – ел болашағы

Сапалы білімнің – тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі екендігі даусыз. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы өткен қараша айының соңында ерекше білім беруді қажет ететін 7–10-сынып оқушылары арасында «Болашаққа қадам» байқауының қалалық кезеңінің ұйымдастырылуына бастамашы болды.

Бұл білім бәйгесі жыл сайын ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың кәсіби бағдарын анықтауға, болашақ мамандығына деген қызығушылығын қалыптастыруға, өзін-өзі таныстыру және

қоғамда белсенді болу дағдыларын дамытуға бағытталатындығымен де елордалық мектептер мен ата-аналар және қатысуға ниет білдіретін көптеген үміткерлерді ортақ мақсатқа топтастыруымен

баршамызға кеңінен танымал. Биылғы додаға қаламыздың көптеген білім ордалары талапты шәкірттерін қатыстырып, олардың шығармашылығы мен әлеуетінің шыңдалуына мүмкіндік алды.

Білім бәсекелестері түрлі аталымдар бойынша бақ сынап, қарым-қабілеттерінің деңгейі қандай деңгейде екендігін жан-жақты көрсете білді. Дүбірлі додада Омаров Сәтжан Кәрібайұлы басқаратын Қадыр Мырза Әлі атындағы Vinom School мектеп-лицейінің шәкірттері ерекше білімдерімен көзге түсіп, жоғары нәтижелерге қол

жеткізді. «Болашақ әлеуметтік қызметкер» аталымына сай жүлделі бірінші орын – Қадырберген Ернұр (9 «Ж»), жетекшісі – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Абдрахманова Эльмира Амиржановна; «Болашақ кәсіпкер» аталымының негізіндегі алғашқы қатардан Нұрбай Бекзат (8 «Н») көрінді, жетекшісі – психолог Исаева Эльмира Курмановна.

Бұл жемісті жетістіктер – білімге құштар жас таланттардың табандылығы мен еңбекқорлығының, сондай-ақ пән мұғалімдерінің кәсіби қолдауының нақты нәтижесі. – Біз оқушыларымыздың

болашағына сенеміз және олардың талпынысы мен талантының одан әрі дамуына қолдау көрсетуге дайынбыз, – дейді әлеуетті әріптестеріміз. Биік белесті бағындырған жеңімпаздар мен олардың жетекшілерін шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз!

Қадыр Мырза Әлі атындағы Vinom School мектеп-лицейі, Астана қаласы

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«Таза Қазақстан» құндылықтары оқу бағдарламасында

Бейіндік ведомство республика бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жалпыұлттық сипат алған «Таза Қазақстан» идеясын білім беру жүйесіне енгізу бағытында кешенді жұмыстарды бастады. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі кезекті кеңесте еліміздің бас ұстазы Жұлдыз Сүлейменова баяндады.

Министр бұл бағытта «Таза Қазақстан» бастамасы тұлға тәрбиесімен ұштастырылып, білім мазмұны жаңа құндылықтармен толықтырылатынын жеткізді. Жаңартылған оқу бағдарламаларына экологиялық мәдениет пен тұрақты даму мазмұны енгізілді. Жаратылыстану, физика, химия, биология, география, тіл мен әдебиет, адам және қоғам, технология және өнер пәндерінде экологиялық мәселелер, табиғатты қорғау, энергияны үнемдеу, қалдықтарды қайта өңдеу



арқылы зерттеу дағдылары кеңейтілді. Бұл өзгерістер оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыратын мінез-құлықты қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

— Біз бүгінде білім саласында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Оның негізінде — Заң мен Тәртіп, Еңбек адамы және «Таза Қазақстан» идеясы жүзеге асырылады. Үш идея қоғамды топтастыруға жұмыс істейді. Ең алдымен, жаңа мазмұн сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта мектеп және мектептен тыс шаралар арқылы бұрынғыдан кең форматта жүзеге асырылады, — деді министр.

Министрлікпен «Таза Қазақстан» бастамасы аясын-

да алты әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жастар арасында «Таза Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Тұжырымдама аясындағы кешенді жұмыстарға оқушылармен бірге ата-аналар да белсенді түрде тартылуда.

Бүгінде «Жасыл балабақша» жобасымен бір жүз сексен алты мектепке дейінгі білім беру ұйымы, мектептерде 125 мыңнан астам оқушыны қамтыған төрт мыңнан астам «Жасыл клуб» белсенді қызмет атқаруда. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, азаматтық жауапкершілікті арттыруға арналған 40 мыңнан астам баланы қамтитын жас натуралистер мен жас туристер станциялары бар.

Халықаралық ғылыми жобаның мемлекеттік сыйақысы

Қазақстанда дарынды оқушыларды және олардың жетекшілерін қолдау мен ынталандыру механизмдері заңнамалық деңгейде бекітілді. Биылдан бастап халықаралық ғылыми жоба байқауларында үздік нәтижелер мен оларды дайындаған педагогтерге мемлекеттік бір реттік ақшалай сыйақы тағайындалады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң балалардың білім мен ғылымға қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды өзгерістерді қамтиды. Бұл заңның қабылдануы Мемлекет басшысының дарынды жастарды жан-жақты қолдауға бағытталған реформаларының жүйелі жалғасы.

Бұған дейін мұндай көтермелеу ха-

лықаралық пәндік олимпиадаларға қатысқан оқушылар мен ұстаздарға да берілген болатын. Енді халықаралық беделді пәндік олимпиадалармен қатар халықаралық ғылыми байқауларда алтын медаль иеленген оқушылар 1500 АЕК-ке дейін, күміс медаль иегерлері бір мың айлық есептік көрсеткіш, ал қола медаль алғандар бес жүз АЕК көлемінде мемлекеттік сыйақы алады. Сонымен бірге оларды жарысқа дайындаған педагогтерге 26,5 базалық лауазымдық айлыққа дейінгі сыйақы тағайындалады.

Биыл жалпы білім беретін пәндер бойынша жеті беделді халықаралық олимпиадада Қазақстан құрамасы жиырма жеті медаль иеленді (төрт алтын мен 13 күміс және он қола). Оның қорытындысы бойынша жиырма жеті жеңімпаз оқушыға 94,3 миллион теңге, ал жиырма төрт педагогке 7,4 миллион теңге төленді. Жаңа нормалар дарынды балаларды қолдау жүйесін күшейтіп қана қоймай, білім саласындағы жоғары нәтижелердің беделін арттырып, елде олимпиадалық әрі ғылыми қозғалыстың одан әрі дамуына жаңа мүмкіндік береді.



Қорғансыздарды қорғау тетіктері күшейтілді

Елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер қабылданды.



Бұған дейін 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласында алты маңызды заң қабылданып, балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге, балалар саудасының алдын алуға бағытталған құқықтық тетіктерді заңнамалық деңгейде бекітті. Жаңа заңның қабылдануы балаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету шараларының жүйелі жалғасы болды.

Енді жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды асырап алу не-

месе қамқоршылыққа беру кезінде олардың туған-туыстарына басымдық беріледі. Егер жақын туыстары табылмаса, бала заңды некеде тұрған отбасына орналастырылады. Сонымен бірге бала асыраушы отбасында болған кезеңде оның заңды өкілінің сотқа тартылуы немесе психоневрологиялық немесе наркологиялық диспансерде есепке алынуы қамқоршылық міндетінен дереу шеттетуге негіз болады.

Бұл норма баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей мүмкін жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар үстінен қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан азаматтарға бала асырап алуға,

қамқоршылық жасауға немесе патронаттық тәрбиеге қатысуға тыйым салынады. Бұдан бөлек қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушылар енді жыл сайын денсаулығы, табыс кезі, тұрмыстық жағдайы және соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді тапсырып, өздерінің сенімділігін растауы тиіс.

Жаңа нормалар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау жүйесін күшейтіп, оларды отбасында тәрбиелеу жағдайларын тұрақты бақылаудың тиімділігін арттыруға, ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

АКТУАЛЬНО

В Казахстане меняется формат государственной аттестации организаций образования

В Казахстане обновляется формат государственной аттестации организаций образования. Теперь эта процедура будет направлена не на контроль, а на оценку качества и доступности образования. Соответствующие изменения закреплены на законодательном уровне, сообщает пресс-служба Минпросвещения РК.

Для четкого разграничения функций государственного контроля и механизмов оценки деятельности организаций образования Законом РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам культуры, образования, семьи и государственного контроля» были уточнены нормы Закона

«Об образовании» в части, касающейся государственной аттестации.

«Государственная аттестация определена как процедура оценки качества и доступности образования, а также соответствия деятельности организаций образования требованиям государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня. Она представляет собой механизм оценки, направленный на повышение эффективности работы и совершенствование учебного процесса», — отметил председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования Серик Аширов.

Отметим, с начала года территориальными департаментами Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения РК проведена государственная аттестация в 2700 организациях образования.



ТАҒАҰЫНДАУ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымында Бейбіткүл КӘРІМОВА

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің желтоқсан айының 5-і күнгі бұйрығымен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына Бейбіткүл КӘРІМОВА тағайындалды.

Ол 1994 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институтының «Қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығын тәмамдап, кейін аспирантурада білім алды. Филология ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын Қазақ қыздар институтының филология факультетінде деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары және

орыс филологиясы кафедрасының оқытушысы болып бастаған.

Бейбіткүл Сәрсемханқызы отыз жылдық қызметінде білім саласында бірнеше басшылық қызметтерді абыроймен (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті колледжінің директоры, «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы-

ның директоры) атқарған. 2020 жылдың қаңтарынан осы уақытқа дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін Басқарма Төрағасы – Ректоры ретінде басқарды.

Кәрімова Бейбіткүл – тіл білімі, салыстырмалы грамматика, тілдік тұлға және оқулықтану салалары бойынша тоқсаннан астам ғылыми еңбектің авторы. Вашингтон (АҚШ), Франция, Финляндия, Оңтүстік Корея, Англия, Ұлыбритания және Грекияда біліктілікті арттыру бағдарламаларынан өткен.

QyzPU медиа қызметі



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Бес қанат – бір мақсат

Көкшетау қаласында облыстық білім басқармасының жанындағы «Bolashaq saǵaıy»-ның бес жылдық мерейтойына арналған «Бес қанат – бір мақсат: қосымша білімнің жаңа кезеңі» тақырыбындағы аймақтық workshop ұйымдастырылды. Басқосудың пленарлық отырысына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, облыстық білім басқармасының басшысы Айнагүл Балташева, Көкшетау қаласындағы Шоқан Уалиханов атындағы университеттің ректоры Марат Сырлыбаев, аймақтық және облыстық қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, балаларға қосымша білім берудің Еуразиялық қауымдас-тығының мүшелері қатысты.

Іс-шара барысында – сарапшылар сөз сөйлеп, баяндамалар жасап, өзекті мәселелерді талқылады. Айнагүл Қыдырбайқызы ақмолалық педагогтердің бас ұстазы ретінде сөйлеген сөзінде өңірдегі қосымша білім беру жүйесінің дамуына тоқталды. Аймақта 46 қосымша білім беру ұйымы қызмет атқарады, оларда жиырма бір мыңнан артық бала білім алууда. Ал бес жүз жиырма төрт мектепте 6 мыңнан артық үйірме/секция

жұмыс істейді және қосымша біліммен бір жүз екі мыңға жуық бала қамтылған.

Балаларды қосымша біліммен қамту деңгейі тоқсан екі пайызды құрайды. Соңғы екі жылда алыс-жақын мемлекеттердің аренасында өздерін жеңімпаз етіп көрсетіп жүрген «Bolashaq saǵaıy» тәрбиеленушілері мен педагогтердің жеңісі. Жүздесудің марапаттау рәсімінен кейін жиналған жұртшылыққа мерекелік концерт ұсынылды.

STEM олимпиаданың
үздік үштігі

Астана қаласында ұйымдастырылған халықаралық STEM-олимпиадасы мен «Роботтар шайқасы-2025» жарысына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Түркия, Үндістан және Моңғолияны қоса алғанда, жеті елден екі жүз елуден астам оқушы қатысты. Олар бірнеше күн бойы робототехника, бағдарламалау, инженерия және 3D-модельдеу бағыттары бойынша жеке жобаларын ұсынды.



Финалдық кезеңдердің қорытындысы бойынша Көкшетау қаласындағы №1 мектеп-гимназияның командасы үшінші орынға ие болып, инженерлік тапсырмаларда жоғары нәтиже көрсетті. Команда құрамындағы он бірінші сыныптың оқушылары: Мансур Асылбеков, Александр Ермишкин және Жалиль Сейтқали. Үміткерлердің жұмыстарын халықаралық сарапшылар, инженерлер, бағдарламашылар, сондай-ақ әлемдік технологиялық чемпионат-

тардың жеңімпаздары бағалады.

– Оқушыларымыз олимпиаданың барлық кезеңдерінен – инженерлік есептерден бастап 3D модельдеуге және роботтар шайқасының шиеленісті жекпе-жектеріне дейін абыроймен өтіп, жоғары дайындық деңгейін, командалық жұмысты және шығармашылық ойлауды көрсетті, – деді команда жетекшісі Утебаева Дамели Зайроллаевна. Оқушыларымызды сенімді жеңісімен құттықтаймыз!

Арнайы білім беру ұйымының үздігі

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі-2025» республикалық байқауының екінші кезеңінің қорытындыларын жариялады. Бұл байқаудың басты мақсаты арнайы және инклюзивті білім беруді дамытуға елеулі үлес қосып жүрген педагогтерді анықтау, қолдау және ынталандыруға бағытталған болатын.

Облыстан республикалық кезеңге осы байқаудың аймақтық кезеңінің жеңімпаздары қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қазылар алқасы арнайы мектептер, балабақшалар, ПМПК, оңалту орталықтары мен КППК педагогтері арасынан жеңімпаздарды бес негізгі номинация бойынша анықтады. Нәтижелер еліміз бойынша мамандардың кәсіби белсенділігі мен құзыреттілігінің артқанын көрсетті. Байқау қорытындысы бойынша біздің қатысушылар бірнеше аталым бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда «Арнайы мектептің үздік педагогі (тәрбиешісі)» аталымы бойынша жүлделі бірінші орын – Ереже-



пова Ризагүл Амангелдіқызына, Көкшетау қаласындағы №4 арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі; «Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)» аталымындағы үшінші орын – Перикова Ирина Валерьевна, Көкшетау қаласының №1 арнайы мектеп-интернатының дефектолог-мұғаліміне бұйырды.

«ПМПК-ның үздік педагогі (мұғалімі)» аталымы бойынша екінші орынмен Ескендірова Сауле Бауыржановна, Көкшетау қаласының ауданаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі дефектолог-мұғалімі (тифлопедагог); «ОО, ППТК-нің үздік педагогі (мұғалімі)» аталымы бойынша бірінші орынмен Оздоева Оксана Владимировна, Жақсы ауданындағы Жақсы ауылының №16 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің дефектолог-мұғалімі марапатталды. Өңірдің педагогтері кезекті мәрте жоғары кәсібилігін, шығармашылық көзқарасы мен педагогикалық шеберлігін дәлелдеді. Құттықтаймыз!

Әрбір балаға қолжетімді білім

ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының тармағын орындау мақсатында және Ақмола облысында әрбір балаға қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беру жүйесі белсенді түрде дамып келеді.

Облыстың білім басқармасы инклюзивті білім беруді қолдау кабинеттерін ашу бойынша жоспар әзірлеп, бекітті. Бұл жоспар өңір бойынша осындай кабинеттер желісін кеңейтуге бағытталған. Мектепке дейінгі және орта білім беру бөлімінің бас маманы Макпал Қалияқбарованың айтуынша, 2020-2027 жылдарға арналған «Инклюзивті білім беруді қолдау кабинеттері желісін кеңейту» жоспарына сәйкес, биыл өңірде отыз жаңа кабинет ашылған.

Бұл жұмыс жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүргізіліп, ерекше



білім беру қажеттіліктері бар балаларды қамтуды едәуір кеңейтуге және олардың табысты әлеуметтенуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде аймақ бойынша инклюзивті білім беруді қолдау бағытында 127 кабинет жұмыс істейді. Олар облыстың барлық аудандары мен қалаларында орналасқан, бұл кабинеттерге екі мың бес жүзден астам бала барады. Кабинеттердің негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дер кезінде және сапалы қолдау көрсету.

Мамандардың жұмысы оқу үдерісіндегі кедергілерді жоюға, әрбір баланың дамуына барынша қолайлы орта құруға, сондай-ақ оның жалпы білім беру

процесіне интеграциялануын сүйемелдеуге бағытталған. – Бұдан бөлек ата-аналармен өзара әрекеттестікке де үлкен мән беріледі. Кабинеттерде балалармен жеке жұмыстан бөлек ата-аналарға кеңес беру, әдістемелік қолдау көрсету және әртүрлі бағыттағы педагогтердің командалық өзара іс-қимылына арналған орта ұйымдастырылған, – деді Макпал Қалияқбарова. Инклюзивті білім беруді қолдау кабинеттерінің желісін кеңейту – барлық оқушыларға тең жағдай жасап, сапалы білім алуға мүмкіндік беру және балалардың қоғамға толықтай араласуын қамтамасыз етудің маңызды бағыты.

QARZHY SAQSHYSY

Оқушыларды алаяқтардан қорғануға үйрететін ойын

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен елордалық білім басқармасы және Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы бірлескен түрде өткен аптада барлық бір жүз жиырма мемлекеттік мектептің 10–11-сынып оқушыларына қоса тоғыз мемлекеттік колледждің 1–2-курс студенттері арасында «Qarzhy saqshysy» компьютерлік ойынның ұйымдастырды. Бұл жобаны ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті, AML Academy және Қаржылық мониторинг агенттігі әзірлеген еді.

Қазіргі таңда жасөспірімдер құмар ойындар, фишинг, телефон арқылы алдау, қаржы пирамидалары және дропперлік әрекеттер сияқты қауіптерге жиі тап болады. Сондықтан қаржылық тәуекелдерді тануға және дұрыс шешім қабылдауға үйрететін интерактивті құралдың маңызы зор. Ойын жасөспірімдердің қаржылық алаяқтық амалдары туралы білімін арттыруға бағытталған: қаржы пирамидалары, дропперлік, фишинг, цифрлық гигиена және қауіпсіздік. Қаржы сақшысында – кейінгі буынның өкілдеріне арнайы бейімделген интерактивті тапсырмалар, қысқа жағдайлар және қаржылық қауіпсіздік бойынша сұрақтар жинақталған.

– Бұл формат материалды жақсы қабылдауға, қауіпсіз қаржылық дағдыларды нығайтуға және цифрлық ортада сыни ойлау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Қаржылық қауіпсіздікті арттыруға және жасөспірімдерді заманауи қауіптерден қорғауға бағытталған бұл ойын желтоқсан айының бірінен басталып, 15-іне дейін еліміздің барлық өңірінде жалғаспақ. Ең басты ерекшелігі – осы ойынның кезінде білімгерлерге түрлі кейіпкерлер телефон шалып, ерекше акциялар ұсынады. Сөйтіп, кодты не болмаса жеке мәліметін сұрайды. Яғни, тура шын өмірдегідей қаржылық құйтырқылықтарға тап болады. Ал жастар қауіп-қатерді байқаған бойда төтеп берудің түрлі тиімді тәсілдерін үйренуі тиіс. Осы ойынның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табыстау көзделген, – дейді ҚР ҚМА Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің жедел уәкілі Хамзаева Айнұр Болатқызы.

– Бұл ойынның маңыздылығы – балаларды дұрыс ойлауға, жылдам шешім қабылдауға және қар-



жылық қауіптері мен тәуекелдерін дер кезінде аңғаруға көмектеседі. Білімгерлерге белгілі бір тақырып тұрғысында лекция оқу бір бөлек, ал осы бағыттағы айтар ойымызды тәжірибе немесе осы ойын арқылы жеткізсек, ұл мен қыздардың санасында сол ақпараттың ұзақ уақыт сақталатындығы даусыз. Оқушылар одан бөлек жол ережелері мен қоғамдық мінез-құлық ережелерін де қоса меңгереді. Сыни ойлауды да дамытатын тапсырмалар бар. Осылайша, оқушылар қиын жағдайдан құтылуды үйренеді, – дейді Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Елжан Әсілбаев.

– Қырық бес минутқа созылатын түрлі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар қоңырау шалған бейтаныс тұлғаның мінездемесі мен іс-әрекетіне қарай алаяқ па, әлде жоқ па – сол сұрақтың жауабын нақты табуға барын салады. Себебі олар хабарласу барысында жеке деректері мен жолданған кодты сұрап, алаяқтық аясында «Әділдік алаңы» кабинеті ашылды. Бұл іс-шараға Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Астана қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендіна, Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова, Нұра ауданының прокуроры Ақылбек Құдрет, Астана қаласы білім басқармасындағы көмекшісі толмағандар

– Осы ойын арқылы біз егер кез келген сәтте осы алаяқтардың айлакерлік амалдарына кездейсоқ

тап болсақ, олардан қалай сақтану қажеттілігін үйрендік. Себебі, қазіргі кезде шынымен осындай жағдайлар көп кездеседі. Біз осы тақырыпқа байланысты қажетті ақпараттарды шынайы өмірде дұрыс әрі тиімді қолдануға бейімделуіміз керек. Және осы дағдыларды күнделікті тіршілікте іске асырумен қатар қолдау мен көмек күткен ата-ана, бауырларымызбен қоса ағайын туыстарға қажетті кеңес



беру барысында пайдаланудың да маңызы зор, – дейді он бірінші сыныптың оқушысы Нұрай Тұрсынбек.

PS: «Заң және тәртіп» қағида-ты бойынша елордадағы №97 мектеп-гимназиясында «Әділет мектебі» жобасы ұйымдастырылып, оның аясында «Әділдік алаңы» кабинеті ашылды. Бұл іс-шараға Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Астана қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендіна, Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова, Нұра ауданының прокуроры Ақылбек Құдрет, Астана қаласы білім басқармасындағы көмекшісі толмағандар



құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлсім Қасенова қатысты.

– «Әділет мектебі» жобасының негізгі мақсаты – құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал ету. Мектебіміздің миссиясы – тарих, құқықтану пәндерін тереңдетіп оқытуға бағытталған. Қазіргі оқу жылында бірнеше маңызды жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде «Әділет

мектептегі құқықбұзушылықтар тақырыбына арналған. Меймандар заң және тәртіп тақырыбындағы оқушылармен бірге түсірген фильмдерді тамашалады. Басқос барысында сегізінші сыныптың елу шәкірті «Әділет мектебіне» салтанатты түрде қабылданды. Енді олар төрт жыл бойы заңдарды тереңдетіп оқиды. Басты ұстаным – болашақта мемлекетіне адал қызмет ететін, құқықтық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеу.

– «Әділет мектебі» жобасы прокуратура мен білім басқармасының қолдауы негізінде іске асырылуда. Ең бастысы, нақты нәтижелер бар. Оқушылар «Заң және құқық» тақырыбында суреттер салып жатыр. Былтыр біз оқушылармен бірге бірнеше профилактикалық бейне жазбалар түсіру жұмысын бастадық. Осы шығармашылық жұмыстар елордада ғана емес, бүкіл республика аумағындағы кинотеатрларда көрсетілуде. Буллинг, құқықбұзушылық тақырыбындағы көрсетілімдерге түскен оқушылардың ой-пікірі өзгеріп жатқанын байқадық. Кезекті іс-шараның ерекшелігі – құқықтық кабинеттің ашылуында. Енді алдағы уақытта біз, яғни прокуратура қызметкерлері, жүйелі жұмысымызды тәжірибе жүзінде білімгерлерге жиі көрсетіп тұрамыз. Сондай-ақ оқушылардың қатысуы негізінде түрлі іс-шара ұйымдастыру жоспарланған. Әлгінде өріптестеріміз балалармен бірге сот үдерісінен көрініс ұсынды, – деді Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова.

Нұрлан МЕРАЛЫ



ОЗЫҚ ОҮЛЫ ОҚУШЫ

Өнертапқыш өреннің өркениетті өрісі

– Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда республика аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан еліміз үшін су мәселесі – ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауында мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданып, ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада отыз мыңға жуық адам жұмыс істейді, – деді ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ биылғы шілде айының тоғыз күні су шаруашылығы саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтау үшін бір топ майталман мамандарды Ақордада арнайы шақырып, мемлекеттік деңгейдегі түрлі марапаттарды табыстау рәсіміндегі құттықтау сөзінде.



Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті былтыр құрылды. Осы мамандыққа бөлінетін грант саны екі есе артқандықтан қазіргі кезде бес жүзден астам студент бюджет қаржысына білім алып жатыр. Олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алады. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дәріптеліп жатыр. Еліміздегі екі миллионнан астам оқушы «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Мемлекет басшысының айтуынша, өскелең ұрпақ судың құндылығын білгені жөн және тіршілік нәрін босқа ысырап етпеу туралы жастайынан түсініп өсуі қажет. Себебі су – барша азамат ұрпағының өмірі мен денсаулығының қайнар көзі әрі әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс ретінде бағаланады.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов алдыңғы аптада ауадан су жинауға арналған ғылыми жобаның жас авторы атанған Алматы қаласындағы №79 гимназияның білімгері Дана Қадырбекпен арнайы кездесіп, ортақ мақсаттағы тақырып бойынша әңгімелескен болатын. Бейіндік ведомствоның баспасөз қызметі ұсынған мәліметке жүгінсек, өнертапқыш өрен заманауи наноматериалдарды қолдана отырып, атмосферадан су жинайтын құрылғы ойлап тапқан. Бұл қондырғы электр желісіне қосылмай-ақ ауадағы ылғалды тиімді сіңіріп, конденсациялауға мүмкіндік береді.

Басқосудың қорытындысы бойынша салалық министрлік пен шығармашыл шәкірт жаңа құрылғының жұмысын бірлесіп талдау арқылы жобаны пилоттық режимде іске асыруды, ақпарат пен деректер алмасу барысында тың технологияның кеңінен қолдану мүмкіндігін зерттеуді көздейтін меморандумға қол қойды. Нұржан Молдиярұлы министрліктің құрамындағы Ғылым және инновациялық технологиялар



департаментіне бұл әзірлемені қанатқатты жоба ретінде сынақтан өткізу үшін барынша қолдау көрсетуді тапсырды. Сондай-ақ жобаның авторына Алғыс хат пен бағалы сыйлықты табыс етті.

Дарынды жастардың су үнемдеу мәселелеріне бейжай қарамай, бірегей ғылыми жобалар әзірлеп, жүзеге асырып жүргені қуантады. Біз бұл жобаны бұрыннан бақылап келеміз. Ол су ресурстарын үнемдеуде ерекше шешім ұсынады, бұл әсіресе шалғай аймақтар үшін маңызды. Құрылғының ылғал аз кезде де атмосферадан су жинай алуы оның практикалық қолданылуын кеңейтеді. Қазіргі заманауи наноматериалдар мен күн энергиясын қолдану бұл жобаны «жасыл» инновациялардың маңызды жобасына айналдырады. Судың қауіпсіздігі мен тіршіліктің нәрін тиімді пайдалану – біздің жаңа кодексте жазылған стратегиялық басымдықтардың бірі. Министрліктің тарапынан қолдауға алынған жаңаша жоба қолда бар ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз ауыл шаруашылығында, өндірісте, күнделікті өмірде қолдануға болатын осындай бағалы бастамаларды мемлекеттің қаржысы есебінен елдің игілігіне жаратуға мүдделіміз, – деді ол сөйлеген сөзінде.

Еске салсақ, бұл ғылыми жоба халықаралық және республикалық деңгейдегі бірнеше байқауларда жоғары баға алған еді. Оңтүстік Кореяда ұйымдастырылған WICO

халықаралық көрмесіне қатысқан отыз алты елдің екі мыңнан астам үміткерлерінің арасында ол оқ бойы оза шауып, алғашқы қатардан көрінген еді. Индонезиядағы жаһан жастарының халықаралық ғылыми жәрмеңкесінде (YISF) бақ сынаған жиырма төрт мемлекеттен келген қаншама қатысушыларды қапыда қалдырған бойда жүлделі бірінші орынды иеленді. ҚазҰУ халықаралық конференциясы мен Kazakhstan Smart Space ғарыштық технологиялар байқауында жоғары марапатқа қол жеткізгені тағы бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіпті дамыту ұйымымен (UNIDO) бірлесіп жүзеге асырылатын «жасыл» стартаптарды қолдау жөніндегі Global Cleantech Innovation Programme (GCIP) халықаралық бағдарламасының он жартылай финалисінің қатарына енді. Бұл жобаны осы саланың сарапшы мамандары еліміздің барлық аймағынан келіп түскен бес жүзден астам өтініштің арасынан іріктеп алғандарын білдік. Рас, әлемде су тапшылығы уақыт өткен сайын өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде бұл жайсыз жағдайдың ауыр салдары айқын сезіледі. Сондықтан күрделі инфрақұрылымды қажет етпейтін әрі автономды түрде жұмыс істей алатын, суға қолжетімділігі шектеулі өңірлерде адамдарға көмектесетін құрылғы ойлап та-



будың маңызды зор.

– Атмосферадан су жинайтын әмбебап жабдық жасаудың ойдағы қиялын жетекшімен бірге іске асырдық. Осы орайдағы бұл кездесу маған қайталанбас әсер қалдырғанына қуаныштымын. Су ресурстары және ирригация министрлігінің жас ғалымдарға белсенді қолдау көрсетіп жатқаны ерекше қуантады. Бұл мүмкіндіктің менің ғылыми зерттеуге бағытталған бұл жауапты жұмысымды әрі қарай ілгері дамытуыма соны серпіні сыйлағаны дауысыз. Министрдің тиісті құрылымдар мен кәсіби мамандарға берген нақты тапсырмасының негізінде біз бұл дайын құрылғыны далалық жағдайда сынап көруге және жобаны пилоттық режимде іске асыруға қол жеткіземіз, – деді озық оқушысы Дана Қадырбек.

Он бірінші сыныпта оқитын болашақ жас түлектің айтуынша, бұл құрылғы қазірдің өзінде жарты литр су шығарады. Ол келешекте бұл мөлшерді еселеуді көздеп отыр. Басты мақсат – құрылғының өнімділігін арттыру. Бұл бағытта дарабоз дарын жобаны қолданысқа енгізуге және оның ауқымын кеңейтуге көмектесетін акселерациялық бағдарламаға белсене қатысып келеді. Өкінішке қарай күнделікті тұрмыста қарапайым көпшіліктің тарапынан әлемнің кейбір шөлді аумақтарында алтынға бағаланатын H₂O үнемдеу ережелері әрдайым сақтала бермейді. Тіпті тіс жуу кезінде құбырдың бұрандалы тетігін уақытша өшіре тұру немесе шаруашылыққа қолданылған суды қажеттіліктер үшін қайта пайдалану сияқты қарапайым әдеттердің өзі аса ауқымды шығын мөлшерін өлдеқайда азайтар еді.

– Сондықтан су ресурсын үнемдеу туралы түсінігімізді арттырудың маңызы ерекше. Жаңа технологияның негізінде заманауи құрылғыларды әзірлеу су саласында инновациялық серпіліс бола алатындығы анық. Өйткені осындай жобалар болашақта ел ғылымының дамуына және жоғары технологиялық жұмыс орындарының құрылуына ықпал етпек. Шәкіртіміз бірге химия, биология, инженерия, экология және ақпараттық технологияларды біріктіру арқылы жаһандық мәселені шешуге талпындық. Жобаның ғылыми құндылығы техникалық

шешімінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық білім базасын қалыптастыруда көрініс табады. Бұл тұрақты дамуға, ғаламшарымызды сақтауға үлес қосады. Жоба шалғай елді мекендерді ауызумен қамтамасыз етуге, энергия көздерін тиімді жаратуға көмектеспек. Алюминий мен фумар қышқылы – арзан әрі тез табылатын материалдар. Олар заманауи технологияларды өндірісте кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Ең бастысы, бұл заттар улы емес әрі табиғатқа залал келтірмейді, – дейді осы білім ордасындағы физика пәнінің майталман мұғалімі, жоба жетекшісі Әлия Серікбаева.

– Алюминий фумараты негізінде жасалған құрылымдар суды жақсы сіңіреді. Бұл материал көп энергияны қажет етпейді. Әсіресе, шалғайдағы аймақтар үшін өте маңызды. Ауадағы ылғалды жинау әдісі суы тапшы, климаты құрғақ өңірлер үшін тиімді шешім болмақ. Инновациялық әдісті әрі қарай жетілдіру үшін материалдың қасиеттерін сынақтан өткізуге арналған заманауи зертханаларды пайдалану қажеттілігі даусыз. Осы орайда отандық оқу орындарымен қатар шетелдегі ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық байланыс орнатудың мүмкіндіктерін қарастырамыз. Жаңа жобаның табысты дамуы үшін мемлекеттің құрылымдар қаржылай қолдаудың тиімді тетіктерін қарастыруды қолға алды.

Әлия Рахметілдайқызының мәлімдеуінше, салалық министрлік пен жас өнертапқыш арасындағы ынтымақтастық туралы келісімнің нәтижесінде алдағы уақытқа жоспарланған ауқымды жұмыстардың жүйелі жүзеге асырылатындығына сенім мол. Себебі зертхана мүмкіндіктеріне қоса инженерлік көмек пен ақпараттық-ағартушылық бағыттағы шаралардың пайдасы көп. Қазақстан-Британ техникалық университетіндегі (ҚБТУ) әлеуетті әріптестері Асылзат Искалиева мен Ринат Жәнібековтің көмегімен шәкіртінің теориясы тәжірибе негізінде сынақтан өткізілгені белгілі болды. Бірегей байланыс пен жас мамандарды кәсіби тұрғыдан тандаған саласына бейімдеудің нәтижесінде су жинаудың тың технологиясы қолға алынғанына, ең алдымен, қазақстандық ғалымдар куә болып отыр.

Нұрлан САБЫРБАЙТЕП



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Жергілікті кәсіподақ: басымдықтар мен қорытындылар

(2025 жылдың қорытындысы бойынша Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының қызметі туралы жария есебі)



ҚР Кәсіподақтар күні: қорытындылар және еңбектерді тану

2025 жылы жергілікті кәсіподақтың қызметі жарғылық міндеттерге сәйкес және жоғары сатыдағы кәсіподақ ұйымдары: «ADAL» федерациясы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі мен «Өрлеу» салалық кәсіподағы қызметіндегі дамытудың негізгі бағыттарын ескере отырып құрылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялауына байланысты кәсіподақ жұмысында қосымша басымдық белгіленді: техникалық және қызмет көрсететін лауазымдарда жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ерекше көңіл бөлінді.

Басты басымдық – кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қолдау – бір жыл ішінде, ең алдымен, Облыстық білім басқармасы мен Жергілікті кәсіподақ арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімнің нормалары арқылы іске асырылды. Құжат педагогикалық емес лауазымдардың қызметкерлерін қоса алғанда, кәсіподақ мүшелері үшін ҚР Еңбек кодексімен салыстырғанда әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтетін 100-ге жуық ережені қамтиды.

Келісіммен, атап айтқанда, азаматтық емес қызметшілер үшін негізгі еңбек демалысы күндерінің саны күнтізбелік 24 күннен 30 күнге дейін ұлғайтылды. Бұл норма ас үй және қызмет көрсету қызметкерлеріне, күзетшілерге, қоймашыларға, тазалаушыларға және басқа да қызметкерлер санаттарына қолданылады.

Сонымен қоса ауыр жұмыс жағдайында жұмыс істегені үшін аспаздарға, қызметтік үй-жайларды тазалаушыларға, тәрбиешінің көмекшілеріне, кір жуу қызметкерлеріне және басқа қызметкерлерге қосымша демалыс қарастырылған. Осылайша, мысалы, қызметтік үй-жайларды тазалаушы – Жергілікті кәсіподақтың мүшесі бола отырып, Еңбек кодексінде белгіленген 24 күнтізбелік күн емес, 36 демалыс алады. Бұл кәсіподақ қызметінің нақты, өлшемді нәтижесі.

Келісімді іске асырудың тағы бір маңызды әсері – бұрынғы жалақы деңгейін сақтай отырып, қызметкерлердің 80 санаты үшін жұмыс уақытының ұзақтығын қысқарту. Сонымен, зертханашылар, бухгалтерлер, хатшылар, кір жуғыш машиналардың операторлары және басқа да бірқа-

тар мамандарда аптасына жұмыс уақыты 40 емес, 36 сағатты құрайды, ал босатылған 4 сағатты демалу немесе қосымша табыс табу үшін пайдалануға болады.

Қызметкерлер қосымша жұмыс мүмкіндіктері мен жалақы мәселелерін шеше алуы үшін кәсіподақ заң клиникасы «Жергілікті кәсіподақ – кәсіподақ әрқайсысы үшін» науқаны аясында 46 лауазым бойынша «Қызметкер өзінің жалақысы туралы не білуі керек» атты ақпараттық буклеттерін дайындады. Онда жалақыны есептеу тәртібі, қызметкерлердің қосымша төлемдері мен үстемеақыларға құқықтары, сондай-ақ қосымша жұмыспен қамту нұсқалары егжей-тегжейлі түсіндірілген.

2025 жылы Жергілікті кәсіподақ аппараты кәсіподақ мүшелеріне, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер – білім беру ұйымдарының басшыларына да көмектесу үшін еңбек қатынастарының түрлі мәселелері бойынша 8 тақырыптық жинақ дайындады. Желтоқсан айында жергілікті кәсіподақ алқасымен тағы бір жинақ – «Кәсіподаққа сүйене отырып, басшының беделі мен имиджін нығайтудың кейбір мәселелері туралы» ақпараттық бюллетені бекітілді (ISBN нөмірі берілді). Барлық материалдар кәсіподақтың ресми сайтында ашық түрде орналастырылған: www.lprofedu.kz.

Алдағы жылға арналған жоспарда – жаңа әдістемелік материалдар: «Білім беру ұйымдарындағы қызметкерлердің дербес деректерін қорғау» кәсіподақ жинағын, «Қызметкерге кепілдіктер мен өтемақы төлемдері» ақпараттық бюллетенін және «ҚР Еңбек Кодексі және әлеуметтік әріптестік туралы 2024-2026 жылдарға арналған келісім цифрлық көрсеткіште» буклетін әзірлеу тұр.

2025 жылы Жергілікті кәсіподақ келісім нормаларын түсіндіруден оның жергілікті жерлерде орындалуын қоғамдық бақылауға көшті. Біріншілер қатарында – Қостанай ауданының Майкөл мектебі, Қостанай автомобиль көлігі колледжі және Рудный қаласының №10 мектеп-гимназиясы болды. Бұнда қосымша демалыс беруге, жұмыс уақытының тәртібін сақтауға және жұмысшылардың барлық санаттары үшін тиісті еңбек жағдайларын жасауға баса назар аударылды. Ал «Қоғамдық бақылау» дипломы мен мүсіншесі бақылаудың сәтті өткендігін растайды.

2026 жылы бұл жұмыс Әулікөл, Амангелді, Қарабалық аудандары мен Арқалық қаласының филиалдарында жалғасады.

Еңбек қатынастарының өзекті мәселелері Жітіқара, Қарабалық, Қарасу, Меңдіқара және Науырзым

Балалар демалысы да назардан тыс қалмады: кәсіподақ мүшелерінің 300-ге жуық баласы облыстың қала маңындағы лагерьлерінде денсаулығын нығайтты, жолдама шығандарының бір бөлігі кәсіподақпен жабылды.

Биыл облыстың көрнекті орындары бойынша ішкі туризмді дамытуға баса назар аударылды. Облыстық кәсіподақ жастары кеңесінің мүшелері де қасиетті тарих объектілері бойынша экскурсиялық сапарларға қатысты. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Сауықтыру бағдарламаларынан басқа жергілікті кәсіподақ материалдық қолдау механизмін белсенді дамытуда. Негізгі құрал – «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңының 16-ба-

Адал еңбекті ілгерілетуге ерекше назар аударамыз. Биыл ғана жұмысшы кәсіптерінің өкілдеріне арналған «Еңбек жолы» жобасы бойынша кәсіподақ мүшелерінің өмірі мен еңбегінің жүзге жуық тарихи жарияланды.

Медиа кеңістікте кең ауқымды кәсіподақ іс-шаралары қамтылған, олардың көпшілігі 2025 жылы Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында өткізілген.

Сонымен, «Құмарлық! Денсаулық! Демалыс!» отбасылық қысқы кәсіподақ спартакиадасы жергілікті кәсіподақтың 100-ден астам қатысушы-мүшелерін, оның ішінде техникалық мамандықтар қызметкерлерін жинады. «Мен және менің жұмыс орным» бейнероликтер байқауында 50-ге жуық педагогикалық емес лауазымдары бақ сынасты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және кәсіподақ сыйлығымен марапатталды. Барлық байқау жұмыстары біздің Instagram парақшамызда орналастырылған.

Бұл жетістіктер Облыстық деңгейдегі ұйымдар (төрайымы – Айжан Баймаканова) және Әулікөл аудандық (төрайымы – Айжан Бекмағамбетова) филиалдары биылғы жылы жеңімпаз деп танылған филиалдар қызметінің тиімділігін рейтингтік бағалауға негіз болды.

Жылдың маңызды қорытындыларының ішінде қаржы саясаты мен мотивациялық жүйенің дамуын атап өткен жөн. 2025 жылы жергілікті кәсіподақ «Кәсіподақ сенімі» белгісін, сондай-ақ «Мерей» жыл премиясын тағайындады.

Жалпы, Жұмысшы мамандықтарының жылы ойдағыдай өтті, кезек-кезеңімен қойылған міндеттер іске асырылды.

Біздің бірлестік ірі бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен кеңейіп келеді. Тек үстіміздегі жылы, көрсетілген әкімшілік қысымға қарамастан, жергілікті кәсіподақ қатарына 15 ірі бастауыш, бұл 1,7 мыңнан астам мүше оралды.

Біз тұрақты жұмыс істейміз. Кәсіподақ бюджетінің сметасы 100%-ға орындалды, кәсіподақ ұйымының кірісін азайтуға жол берілмеді.

Жергілікті кәсіподақтың 2026 жылға арналған жұмыс жоспары келіп түскен ұсыныстар мен толықтыруларды ескере отырып, оны қоғамдық талқылау шеңберінде даму басымдықтары, оның ішінде бірлестікті одан әрі нығайту, кәсіподақтың қорғаныс функциясын іске асыру үшін жаңа тәсілдерді енгізу, қоғамдық бақылау механизмін дамыту және т.б. айқындалды және бекітілді.

Сонымен қатар жергілікті кәсіподақ алқасының шешімімен біздің бірлестіктің мүшелері үшін келе жатқан 2026 жыл Дәстүрлі құндылықтар жылы болып жарияланды, оның шеңберінде отбасылық және кәсіби дәстүрлерді нығайтуға, ұжымдардың бірлігін арттыруға және аға ұрпақтың еңбегі мен тәжірибесіне құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізілетін болады.

Жалпы, кәсіподақ қызметі білім беру саласының қызметкерлеріне әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсетуге және бірлестіктің ұстанымын нығайтуға бағытталған.

Василий ЦЫМБАЛЮК,
«Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы,
педагогика ғылымдарының кандидаты



Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында өткізілген «Алғыс жолдамасы» акциясының қатысушылары – Светлана Тарарук пен Светлана Александрович



Самал Маликова – Жітіқара ауданының №12 мектеп директоры – Жергілікті кәсіподақпен тағайындалған «Мерей» жыл премиясының лауреаты



Гүлназ Қасабек – Рудный қ., Б.Майлин атындағы №7 мектеп-гимназияның кітапханашысы – «Мен және менің жұмыс орным» атты бейнероликтер байқауының жеңімпазы


Жүйелілік қателердің себептері. Мемлекеттік басқару жүйесінің баяулауы елдің ішкі даму логикасының әлсірегенін көрсетеді. Соңғы жылдары стратегиялық ойлау тереңдігі төмендеп, жоспарлау мен жауапкершілік байланысы әлсіреді. Бұл шешім қабылдау реттілігін де, экономикалық және өңірлік саясаттың үйлесімділігін де бұзды. Нәтижесінде мемлекеттік саясаттың тұтастығы әлсіреді, реформалар динамикасы сезілмей қалды, бағдарламалар жүйелілігін жоғалтты. Тиімді басқарудың негізгі элементтері – болжау, жоспарлау және жауапкершілік бірлігі. Бүгінде бұл тепе-теңдік бұзылған. Сол себепті стратегиялық ойлау мәдениетін қалпына келтіру қажет.

Соңғы жылдар тәжірибесі бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді: экономиканы нақты әртарап-тандыру маңызын жеткілікті түсінбеу. Бұл – тек шикізаттық тәуелділіктен арылу емес, жаңа салаларды дамыту: IT, креативтік индустрия, жасыл туризм, агротехнологиялар, инновациялық өндіріс. ШОБ-ты шынайы қолдау қажеттігі. Бизнес – инновациялар

мен әлеуметтік тұрақтылықтың тірегі. Онсыз реформалар қағаз жүзінде қалады. Әлеуметтік әділеттілік пен адами капиталды дамыту. Білім, медицина, тең мүмкіндіктер – ел болашағының негізі. Заң үстемдігі және жемқорлықпен жүйелі күрес. Құқықтық мемлекетсіз тұрақты даму мүмкін емес.

Аймақтық дисбаланстарды жою. Өңірлер арасындағы алшақтық жоғары күйде қалып отыр. Цифрландыру мен жасанды интеллектті дұрыс түсіну. Технология – құрал ғана. Одан нәтиже шығуы үшін кәсіби басқарушылар қажет. Бұл басымдықтар парламенттің, үкіметтің, әкімдіктердің, қоғамдық кеңестер мен ҰЕҰ-ның басты назарында болуы тиіс. Қазақстанға цифрлық трансформациямен бірге интеллектуалды реформа қажет.

Кадрлық дағдарыс – басқарудың негізгі проблемасы. Мемлекеттік басқару жүйесінің ең әлсіз тұсы – кадрлық саясат. Басқарушылардың кәсібилігі жиі формалды «адалдықпен» алмастырылды. Үкіметтік кадрларды даярлаудың дәстүрлі моделі бұзылды: болашақ басшылар жеткілікті тәжірибесіз, төменгі деңгейден өту кезеңінсіз жоғары қызметтерге келді. Жеткілікті басқарушылық дағдысы жоқ жас мамандарға сүйену өзін ақтамады. Кадрлық саясат – даму құралы емес, формалды процедураға айналды.

2021 жылы «Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасы-2030» бекітілгенімен, бүгінгі жағдай оның мақсаттарына қол жеткізілмегенін көрсетеді. Себеп – бақылаудың әлсіздігі және талдаудың жеткіліксіздігі. Формализм әлі де кең таралған: жауапкершілікті өзінен алу үшін фор-



малды меморандумдар жасалады. Президент 2022 жылы-ақ қоғамның «бос уәделерден» шаршағанын айтқан болатын. Сондай-ақ шешім қабылдауда жүйелілік жетіспейді: соңғы жиырма жылда үкіметтің өз стратегиялық бағдарламасы болмаған. Жұмыс «тапсырмадан тапсырмаға» негізделеді.

Парадокс: жұмыс бар, нәтиже жоқ. Стратегиялық жоспарлау өзінің басты рөлін жоғалтты. Мемлекеттік бағдарламалар өзара байланысы жоқ құжаттар жиынтығына айналды. Жобаға негізделген басқару моделі Ресейден алынғанымен, сәтсіз болды. Көптеген ұлттық жобалар төмен тиімділік пен әлсіз қаржылық қамтамасыз етуді көрсетті. Статистикалық қателер, инфляцияны және салық түсімдерін болжаудағы дәлсіздіктер тиісті мемлекеттік құрылымдардың кемшіліктерін айқындады. Ғылыми-зерттеу институттары аналитикалық дербестігін жоғалтты. Соның салдарынан елде орта және ұзақмерзімді ғылыми негізделген экономикалық болжам жоқ.

Басқаруды жаңғыртудың бес бағыты. Жаңа экономикалық саясат туралы үндеулер болғанымен, нақты нәтиже байқалмайды – себеп бюрократиялық инерцияда. Интеллектуалды реформаларға көшу үшін жаңа басқару моделі қажет. Уәкілетті органдар мынадай шараларды іске асыруы тиіс: жүйелілік қателерге тал-

дау жасау; барлық институттардың тиімділігін бағалау; барлық деңгейдегі кадр даярлауға жаңа тәсілдер әзірлеу; өңірлік теңсіздікті азайтуға арналған шаралар дайындау; халықаралық серіктестікті кеңейту; мемлекеттік органдар, бизнес және квазисектор арасындағы байланысты күшейту.

Мемлекеттік басқаруды жаңарту үшін келесі бес қадам маңызды: стратегиялық жоспарлауды мемлекеттік саясаттың өзегіне қайтару; кадр саясатын қайта қарау – басымдық кәсібилікке берілуі керек; ғылым мен сараптаманың шешім қабылдаудағы рөлін күшейту; мемлекеттік органдардың бизнеспен, қоғамдық ұйымдармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланысын арттыру; технология адамға қызмет ететін интеллектуалды мемлекет құру шараларын қабылдау.

Интеллектуалды басқару – жаңа реформа дәуірінің бастамасы. Бұл – әкімшілік жаңару емес, стратегиялық таңдау. Тәуелсіз интеллектуалды орталықсыз мемлекет инерциядан шыға алмайды. Реформалар кәсібилік пен талдауға негізделуі тиіс. Қазақстан өтпелі кезеңде тұр: ескі механизмдер жұмысын тоқтатты, жаңалары қалыптасу үстінде. Елге цифрлық емес, олайтын мемлекет қажет. Уақыт жүйелілік пен аналитикалық мәдениетті, жауапкершілік пен кәсібилікті талап етеді.

СЕМИНАР

Инновационные педагогические стратегии и тактики обучения русскому языку и литературе

Одной из ключевых инновационных педагогических стратегий является формирование функциональной грамотности, включающей умение работать с текстами разных стилей и жанров, интерпретировать художественные образы, выявлять смысловые связи, аргументировать собственную позицию и создавать собственные высказывания.



Маншук АБИЛЬМАЖИНОВА,
учитель-исследователь
русского языка и литературы
КГУ «Школа-гимназия №185»
Алатауского района г. Алматы

Второй значимой стратегией является интеграция цифровых инструментов в образовательный процесс. Использование электронных платформ, интерактивных упражнений, онлайн-редакторов,

мультимедийных ресурсов расширяет возможности преподавания, делает учебный процесс более динамичным и индивидуализированным. Цифровые технологии позволяют организовывать проектно-исследовательскую деятельность, создавать мультимодальные тексты, проводить онлайн-обсуждения, осуществлять формирующее оценивание.

Особая роль отводится стратегии ценностно-ориентированного обучения, направленной на формирование личностных качеств, развитие эмоционального интеллекта, воспитание читательской культуры.

В школе-гимназии № 185 Алатауского района г. Алматы учителями русского языка и литературы был проведен городской методический семинар на тему «Инновационные педагогические стратегии и тактики обучения: функциональная грамот-

ность, ценности, цифровизация». Цель мероприятия заключалась в создании профессиональной площадки для обмена опытом между авторами учебников и педагогами по вопросам повышения профессиональной компетентности учителей, ознакомления с новыми учебно-методическими материалами издательства «Көкжиек-Горизонт», обсуждения современных подходов к преподаванию русского языка и литературы, а также презентации новейших учебников, методических разработок и технологий конструирования учебных заданий.

Во вступительной части семинара методист Городского научно-методического центра новых технологий образования Джаманбаланова Г.А. и заместитель директора КГУ ШГ №185 А.С. Қали представили исследовательский доклад на тему «Функциональная грамотность: межпредметные связи русского языка и литературы, цели и задачи». Выступающие подчеркнули необходимость преобразований в учебно-воспитательном процессе с учётом современных педагогических концепций и обозначили, что современная система образования

требует обновлённых стандартов и подходов.

С докладом выступила Бекжанова Г.Г., академический директор издательства «Көкжиек-Горизонт». Она представила учебную и художественную литературу издательства, отметив, что в связи с апробацией новых учебников русского языка и литературы в школах с казахским языком обучения издательство сотрудничает с учёными ведущих вузов и опытными учителями-практиками.

Доктор педагогических наук, профессор кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ им аль-Фараби, автор учебников и учебно-методических материалов Салханова Ж.Х. представила содержательную и насыщенную презентацию на тему «Инновационные педагогические стратегии и тактики обучения: функциональная грамотность, ценности, цифровизация».

Учитель-мастер школы-гимназии №12 имени Ш.Валиханова, автор учебников русского языка и литературы Пралиева Ж.К. ознакомила участников с авторской программой «Формирование грамотности на уроках русского языка и литературы в коллаборации с другими учебными

предметами». Она поделилась результатами своего исследовательского и практического опыта.

В практическом блоке учителя-исследователи Аманова Г.И. и Чалова А.Ж. провели мастер-классы по применению авторских методических рекомендаций на уроках. Участникам были предложены групповые задания, анализ учебных материалов и разработка собственных методических решений, которые затем были представлены в формате мини-презентаций.

Итоги семинара подвела педагог-исследователь Абилямжинова М.Н., она отметила, что реализация инновационных стратегий возможна благодаря продуманному педагогическим тактикам, конкретным методическим приёмам и организационным решениям. В результате работы семинара участники получили практические методические рекомендации от авторов учебников, детально ознакомились с новыми учебно-методическими материалами и обсудили возможные способы их внедрения в образовательный процесс. Групповая работа способствовала активному профессиональному взаимодействию, обмену опытом и углублению методических компетенций педагогов. Мероприятие прошло на высоком организационном и методическом уровне и внесло значимый вклад в повышение качества преподавания русского языка и литературы в образовательных организациях города.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ

В 2025 году более 91 тысячи учителей прошли бесплатные курсы повышения квалификации

Министерство просвещения РК ведёт системную работу по обеспечению непрерывного профессионального развития педагогов. С начала 2025 года более 91 тысячи педагогов системы среднего образования по всей стране прошли бесплатные курсы повышения квалификации.


Программы охватывают учителей начальных классов, общественно-гуманитарного и естественно-математического направлений, а также учителей физической культуры. Кроме того, педагоги прошли

обучение по инклюзивному образованию, лидерству, инновациям и цифровой компетентности.

Из них около 70 тысяч специалистов прошли курсы в Национальном центре повышения квалификации

«Өрлеу», около 18 тысяч – в Национальном научно-практическом институте благополучия детей «Өркен».

Бесплатные программы также были организованы в Республиканском учебно-методическом центре дополнительного образования, Национальном научно-практическом центре физической подготовки, а также в Национальном научно-практическом центре развития специального и инклюзивного образования.



В 2025 ГОДУ БОЛЕЕ 91 ТЫСЯЧИ УЧИТЕЛЕЙ ПРОШЛИ БЕСПЛАТНЫЕ КУРСЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

ЖІГЕРЛІ ЖАС

Колледжге пойызбен қатынайтын студент

Еліміздегі колледждер – орта буын кәсіп иелері мен жұмысшы мамандықтарын даярлайтын оқу орны. Талапкерлер жан-жақтан келеді. Біздің техникалық және кәсіби білім беру ұйымына Алматыдан Атырауға дейінгі қашықтығы мыңдаған шақырымды құрайтын аралықтан келіп оқыған студенттер болды. Жиырма жыл бойы осы салада үздіксіз еңбек етіп келемін. Мені қызықтырғаны – күнделікті сабақтан қалмайтын, тандаған мамандығын меңгеру үшін колледжге пойызбен қатынайтын шәкірттің бар болғаны еді.



Шарбану БАЕКЕЕВА, Қазалы аграрлы-техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары, Қызылорда облысы

Иә, осыдан екі жыл бұрын жаз айында біздің оқу орнына барлық қажетті құжаттарын алып келіп: – «Автоэлектрик» мамандығының оқуы бар ма?, – деп сұраған кішкентай сары бала бүгінгі күні қалаған мамандығында оқып жүр. Мақаланың кейіпкері – №23-З «07161300 – Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының «3W07161302 – Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик» біліктілігі оқу тобының үшінші курс студенті Дәурен Ипатұров.

Ол 2008 жылғы ақпан айының он екісі күні Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Қамыстыбас ауылында дүниеге келген. Отбасында сексенге жуықтаған Шолпан әжесінің тілалғыш немересі. Әкесі Мұрат Қамбаш ауылында көлік жөндеу орталығын ашқан кәсіпкер әрі көлік жөндеуші шебер маман. Кәмшат анасы – аспаз болса, қарындасы Арайлым – 9-сынып оқушысы. Үйдің үкілеген жалғыз ұлы болғандықтан жатақханаға да, ағайын-туыстың да үйіне жатпады. Жігерлі жастың көлік жөндеуге қызығушылығы ерекше. Теориялық са-



бақтан гөрі, өндірістік оқыту сабағын жүргізетін өндірістік оқыту шебері Алтынбек Қорғанбаевқа жақынырақ.

Колледждің автосервис орталығына барып, машиналардың жанында жұмыс істегенді жақсы көретін еңбекқор. Олай дейтінім, таңертең Қамбаш теміржол бекетінен пойызға мініп, Қазалы қаласындағы колледжге келіп білім алуға асықса, сабақтан кейін құтты қонысына кері қайтады. Өйткені үйінде көлік жөндеу орталығында әкесіне көмектесе, мал жайлап әжесіне қолғабыс жасауға дағдыланған. Бұл өнегелі отбасының мүшелері күн тәртібімен жүргенді жақсы көреді екен. Сондықтан кейіпкеріміз таңертең ерте тұрып, мал жайлаған соң колледждегі сабағынан қалмауға үйренген. Екі аралықтың ұзақтығы 20-25 минут.

– Әкей екеуіміз ауылдағы техникадан бөлек үлкен жолда бұзылған жоллаушылардың көліктерін де жедел жөндейміз. Мамандығымның қыры мен сырын толық игеру үшін сабақтан қалғым келмейді. Ең басты өмірлік ұстанымым – адал еңбек етіп, білікті маман атану. Болашақта әкемнің ісін жалғастырып, көлік жөндейтін заманауи орталық ашу. Менің осы мақсатқа жетуіме әжем мен ата-анам үнемі қолдау көрсетсе, колледждегі ұстаз-

дарым бар білгендерін үйретуден әсте жалыққан емес. Сондықтан жанашыр жандардың сенімін ақтау – парызым, – дейді Дәурен Мұратұлы.

Мамандығына қызығушылығын байқаған топ шебері Алтынбек Өскенұлы Дәуренді кәсіптік білім беру мен техникалық дайындықтың маңызды оқиғасы саналатын WorldSkills-2024 кәсіби шеберлік чемпионатын тамашалауға ертіп барды. Астана төрінде бас қосқан барлық өңірдің 555 қатысушысының отыз құзыреттілік бойынша бақ сынағанын көзімен көрген ол биыл республикалық байқауға қатысуда. Бұл мамандығына қызыққан болашақ жұмысшы маманның нағыз келбеті деуге әбден болады.

Чемпионатқа дайындық барысында ол колледж базасынан бастап, Қызылорда, Ақтөбе, Алматы қалаларындағы тәжірибелік алаңдарда шеберлігін шыңдады. Ауыл баласының қала бозбаласынан айырмашылығы – әдеп сақтап тұратын ұяңдығы. Десек-те оны сөзге тартқан адам көпшіл ретінде таныры анық. Бірақ айтар әңгімесінің ауаны қазіргі көліктердің сан түрлілігі мен техникалық тұрғыдағы айырмашылығы және оларды жедел жөндеудің мүмкіндіктері жайында болады. Ұстанымы биік, мақсаты айқын болашақ жас маманға сәттілік тілейміз.



ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Пән сабағында арқан тарту ойынының маңыздылығы

Арқан тарту – мектептегі дене шынықтыру сабақтарында жиі қолданылатын, оқушылардың дене дамуына да, тәрбиелік қасиеттерінің қалыптасуына да үлкен ықпал ететін командалық спорттық ойындардың бірі. Қарапайым көрінгенімен, бұл ойын көптеген маңызды дене сапаларын жетілдіреді және оқушылардың психологиялық, әлеуметтік дағдыларын дамытады.



Муктаржан АДИСОВ, №10 жалпы білім беретін мектептің дене шынықтыру мұғалімі, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы

Дене сапаларын дамытудағы маңызы. Күш пен төзімділікті арттырады. Арқан тарту кезінде оқушылар қол, иық, арқа, бел және аяқ бұлшықеттерін белсенді түрде іске қосады. Үздіксіз күш салу бұлшықет қуатын арттырып, жалпы физикалық төзімділікті күшейтеді. Тепе-теңдік пен координацияны жақсартады. Дұрыс тұрыс, аяқтың орны, денені алға-артқа бағыттау – ойынның негізгі элементтері. Осы әрекеттер оқушының қозғалыс координациясын дамытып, кеңістікті сезіну қабілетін жақсартады.

Жылдам реакция қалыптастырады. Қолға белгі берілген сәттегі жылдам әрекет ету – оқушылардың және қозғалыс динамикасын дамытады. Тәрбиелік маңыздылығы – командалық рухты қалыптастырады. Арқан тарту – команданың бірлігін талап ететін ойын. Әрбір оқушы өз күшін ғана емес, топ үшін жауапкершілігін сезінеді. Бұл ұжымшылдықты нығайтып,

бір-біріне сенім артуға үйретеді.

Жеңіске деген жігер мен қайсарлыққа тәрбиелейді – ойын барысында әрбір қатысушы мақсатына жету үшін бар күшін салады. Бұл табандылық, шыдамдылық, қиындықты жеңе білу сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Әділдік пен спорттық мәдениетті дамыту. Ойын ережелерін сақтау, қарсыласқа құрмет көрсету – оқушылардың мінез-құлқындағы мәдениеттілік пен тәртіптілік дағдыларын қалыптастырады.

Психологиялық әсері: өзін-өзі жеңуге деген мотивациясын күшейтеді; қорқыныш пен сенімсіздікті азайтады; эмоциялық сергітеді және сабаққа деген қызығушылықты арттырады; күйзеліс деңгейін төмендетеді. Сабақта қолданудың педагогикалық тиімділігі. Арқан тарту ойынын дене шынықтыру сабағына енгізу: сабақтың мазмұнын түрлендіреді; оқушыларды белсенділікке ынталандырады; үнемді құрал-жабдықты талап етеді; ұлттық ойын элементтерін енгізу арқылы патриоттық тәрбиені күшейтеді.

Арқан тарту – дене шынықтыру сабағында оқушылардың физикалық дамуын жақсартатын, командалық рухты қалыптастыратын, тәрбие беруде ерекше маңызға ие спорттық ойын. Ол қарапайым болғанымен, кешенді дағдыларды дамытатын тиімді және қызықты құрал. Мектеп тәжірибесінде бұл ойынның қолданылуы оқушылардың денсаулығын нығайтуға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға елеулі үлес қосады.

КЕІПКЕРЛЕР БАЙҚАУЫ

Бір отбасы – бір кітап

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты кітап оқуға баулуда отбасылық оқылымның маңызы зор. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысының бастамашылдығымен бесінші сынып оқушылары және ата-аналарының қатысуымен кітап әлеміне саяхат жасап, отбасылық оқудың мәнін ашатын ерекше іс-шара – «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбындағы қызықты әрі танымды кейіпкерлер байқауы ұйымдастырылды.



Бұл – отбасының бірлігі, кітаптың құдіреті, шығармашылықтың шуағы тоғысқан – тек кітап оқу емес, отбасылық бірлік, өнер, рухани байлық мерекесі болды. Іс-шараның басты мақсаты – отбасында кітап оқуды дәстүрге айналдыру, балалар мен ата-аналар арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, кітапқа деген қызығушылықты арттыру болды. Байқау барысында оқушылар мен олардың ата-аналары түрлі әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне айналып, өз образдарын сахналық қойылым, көрініс немесе әдеби монолог арқылы көпшілікке ұсынды.

Атап айтқанда, Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала», Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат», Мұхтар Әуезовтің «Көксерек», Шерхан Мұртазаның «Интернат наны», Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», сондай-ақ ағайынды Гриммдердің «Ертегілер жинағы» байқаудың негізгі шығармаларына айналды. Әр отбасы осы туындылардың мазмұнын терең түсініп, кейіпкерлердің мінезін, оқиға желісін шебер жеткізді. Қатысушы отбасылардың дайындық деңгейі

жоғары, сахналық мәдениеті ерекше болғаны байқалды.

Әр отбасы өзіне ұнаған кейіпкердің мінезін, ерекшелігін айшықты жеткізуге тырысты. Көрермендер назарына қазақ және әлем әдебиетінен танымал кейіпкерлер ұсынылып, олардың таңдаған туындысы мен оқылымнан алған әсерлері туралы пікірлері мен балалардың салған суреттері де ортаға салынды. Байқау барысында ата-аналар мен балалардың бірлесе жұмыс жасауы, кітап үзінділерін бірге талдауы көрермендерді ерекше қуантты. Сахнада балалар да, ата-аналар да өз өнерін ортаға салып, көрермендерге эмоциялық әсер сыйлады.

Бір отбасы «Көксерек» әңгімесінен табиғат пен адам арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсетсе, енді бірі «Жау тылындағы бала» шығармасындағы қиын кезеңдегі батылдықты ерекше мәнмен жеткізді. «Интернат наны» мен «Жусан иісі» сияқты лирикалық туындылар оқырман жүрегіне адамгершілік, сағыныш, бала кездің мөлдір сезімдерін жеткізді. Ал Гримм ертегілері бұлдіршіндерге ертегілік әлем сыйлады.

Байқаудың бас жүлдесін Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» шығармасын ерекше шынайылықпен сомдаған Тохонай отбасы жеңіп алды. Олар соғыс кезіндегі қиындықтарды, баланың ержүректілігін, отансүйгіштік қасиетін нанымды бейнелеп, қазылар алқасы мен көрермендердің жоғары бағасын иеленді. Іс-шара соңында белсенді қатысқан отбасылар мектеп кітапханасы атынан Алғыс хаттармен марапатталды.

Бұл игі бастама оқушылардың әдеби дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, ата-ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізді. Мектеп кітапханасы алдағы уақытта да осындай мазмұнды іс-шараларды жалғастыруды жоспарлап отыр. Кітап – отбасы шаттығының, даналықтың, рухани байлықтың бастауы. Уақытымызды бірге өткізудің ең тамаша жолы – бірге кітап оқу!

Шынар Кунтуганова,
№210 мектеп-лицейдің
кітапханашысы,
Алматы қаласы,
Алатау ауданы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың өзекті мәселелері

Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың кейбір түйінді мәселелері талданады. Автор оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, олардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру, критериалды ойлау технологияларын қолдану мәселелерін көтереді.



Сымбат АЛТЫЕВА,
Қаскелең гуманитарлық техникалық колледжінің тарих пәнінің оқытушысы, педагог-модератор,
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Қаскелең қаласы

Қазіргі таңда тарих пен әлеуметтік ғылымдар бұрынғыдай жеке пән деңгейінде емес, пәнаралық интеграцияланған бағыт ретінде көрініс табууда. Тарих ғылымы археология, этнография, антропологиямен қатар әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану сияқты салалардың әдістерін кеңінен пайдалана бастады. Мақалада мемлекет дамуының негізгі факторлары – интеллект деңгейі, ғылыми әлеует, мамандарды кәсіби даярлау сапасы екені аталып, осы үрдісте гуманитарлық пәндердің маңызына ерекше назар аударылады. Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, интеллектуалдық даму, пәнаралық байланыс, антропология, білім беру, құзыреттілік, танымдық қабілет.

Қазіргі заманғы мемлекеттің даму көрсеткіші тек экономикалық өсіммен емес, қоғамның рухани құндылықтары мен ұлттық болмысын сақтай отырып жаңаша дамуымен өлшенеді. Жаһандану кезеңінде мәдени жаһандану ұлттық ерекшелікті көмескілендіріп бара жатқандықтан, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық бірегейлікті бекітуге бағытталған маңызды бастама болып отыр. Сонымен бірге әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың рөлі артып, білім беру жүйесінде интеграциялық үрдіс күшейе түсті.

Тарих ғылымы енді тек археология, этнография, антропология сияқты дәстүрлі салалармен ғана шектелмей, әлеуметтік география, мәдениеттану, саясаттану сияқты бағыттардың зерттеу әдістерімен толықтырылуда. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің заманауи рөлі. Мемлекеттің дамуы көбіне оның интеллектуалдық ресурстарымен анықталатынын уақыттың өзі дәлелдеп келеді. Ғылымның сапалы дамуы, кәсіби даярлан-

ған мамандардың көбеюі – ұлттық байлықты, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басты факторлар.

Гуманитарлық пәндер адамдарды әлеуметтендіру, ұлттық мәдени кодты қалыптастыру, тарихи сананы жетілдіру сияқты маңызды міндеттерді атқарады. Сондықтан да жоғары оқу орындарында бұл пәндерді оқыту әдістемесін жаңарту – уақыт талабы. Бүгінгі білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерді оқытуда бірқатар қиындықтар бар: пәнаралық зерттеудің жеткіліксіздігі – тарих көбіне тар тақырып ретінде қарастырылады. Оқу бағдарламаларының қоғам талаптарына толық сай келмеуі.

Тарихи зерттеулердегі жүйеліліктің әлсіздігі. Идеологиялық тұғырлардың бұрынғы түсініктерден арылмауы. Тарихты жаңаша пайымдау қажеттілігі туындағанымен, кейде постмодернистік тәсілдерді орынсыз қолдану ғылымда нақты тұжырымға келуді қиындатады. Қазақстан тарихын оқытуда бірнеше маңызды қағидаттарды ұстану керек: тарихи оқиғаларды себеп-салдарлық байланыста көрсету. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолын тарихи үдерістермен байланыстыра түсіндіру.

«Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы табылған жаңа деректерді оқу үдерісіне қосу; студенттің дербес ойлауына мүмкіндік беретін проблемалық оқыту әдістерін қолдану. Оқытушы мен білім алушы арасындағы тұрақты диалог, өзара пікір алмасу гуманитарлық пәндердің мәнін аша түседі. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін зерттеу бүгінгі күні ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Идеологиялық әсерлерден арылған, шынайы деректерге сүйенген объективті тарих қажет.

Тарихи тұлғалардың ел дамуындағы рөлін бағалау, ұлт мүддесі тұрғысынан ойлау – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар ұлттық тәжірибені, салт-дәстүрді, менталитет ерекшеліктерін оқу-тәрбие процесіне енгізу – болашақ маманның тұлғалық қалыптасуына оң әсер етеді. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың жаңаша бағыттарын қалыптастыру – заман талабы.

«Рухани жаңғыру» құндылықтары білім беру жүйесінде тарихи сабақтастықты терең түсіндіруді, ұлттық мәдениетті құрметтеу мен дамыту жолдарын ғылыми негізде көрсетуді талап етеді. Тарихи сананы қалыптастыру арқылы ғана елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеруге, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға болады. Қорытындылай келе, гуманитарлық пәндерді оқыту – тек білім беру емес, ұлттың рухани дамуына ықпал ететін стратегиялық бағыт болып табылады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АЛАҢ

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мәтінді оқыту әдістерінің тиімділігі



Қазіргі білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Мәтінді дұрыс түсіну, ақпаратты талдау және оны өмірмен байланыстыра білу – баланың оқу жетістігін айқындайтын негізгі қабілеттердің бірі. Осы бағытта біздің білім ордасында қала мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған семинар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында педагогтер мәтінді оқытудың тиімді әдістерін тәжірибе жүзінде бақылау үшін ашық сабақтар ұсынылды. Сабақтарда оқушылар «тірек сөздер», «болжау», «Insert», «класстер», «сұрақ қою – жауап беру» сияқты стратегияларды қолдана отырып, мәтінді жан-жақты талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын көрсетті. Бұл тәсілдердің оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға оң әсер ететіні талқыланды. Сонымен қатар «Цифрлық платформалар мен қызықты әдістер» тақырыбында коучинг жүргізілді.

Мұғалімдер Padlet, Miro, Flipppity, Quizlet құралдарының көмегімен мәтін мазмұнын визуалдау, ойын элементтері арқылы бекіту және топтық жұмысты ұйымдастыру жолдарымен танысты. Бұл платформалар оқытуды жандандырып, оқушылардың мотивациясы мен шығармашылығын арттыратыны көрсетілді. Басқосудың тәрбиелік бөлімі де мазмұнды болды. Абай Құнанбайұлының 185 жылдығына орай «Абайдың бала күнінен» сахналық көрінісі ұсынылды.

Бұл көрініс жас Абайдың білімге құштарлығын насихаттай отырып,

мәтінді оқытуды ұлттық құндылықтармен ұштастырудың маңызын айқындады. Жүздесу соңында қатысқан мұғалімдер семинардың тәжірибе алмасуға, кәсіби шеберлікті шыңдауға және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістерді тиімді меңгеруге мүмкіндік бергенін атап өтті.

Динара ШАМБЕТОВА,
№141 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Алматы қаласы, Әуезов ауданы

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ерлер – жердің қорғаны, елдің тұтқасы

Біздің білім ордасында ұйымдастырылған «Ерлер – жердің қорғаны, елдің тұтқасы» тақырыбындағы семинардың мақсаты: білім алушыларға патриоттық тәрбие бере отырып, мемлекет алдындағы әскери борыштың маңыздылығын ұғындыру. Жауапкершілік пен ерлік қасиеттерге тәрбиелеу арқылы ұлттық рухты азаматтықты сезінуге ықпал ету.

Келген қонақтарды қарсы алу рәсімі басталғанда, мектеп ауласы бір сәтке ескі дәуірдің рухына толғандай болды. Арнайы дайындалған көне ұлттық ойындар өткен күннің өнегесін қайта тірілкендей

әсер қалдырды. Ат үстіндегі әке мен бала арасындағы тәлім – көшпенді халқымыздың қанына сіңген дәстүрді көз алдымызға әкелді. Мектептің 10-сынып оқушыларынан құралған саптық көрініс



те көпшіліктің көңілін баурады. Аягөз қаласының тумасы, осы білім ордасының шәкірті болған Садықов Фазыл Кәрімұлына арналған ескерткіш тақтаның мектеп ғимаратының кіре берісіне орнатылып, салтанатты түрде ашылуы – семинардың ең толғандырар тұсы болды.

Іс-шараның алғашқы құттықтау сөзі аудандық білім бөлімінің басшысы Азимбаев Нұрғали Тілекқалиұлына беріліп, мектеп оқушыларының әдеби монтаж, сахналық қойылым және әсем өнімен жалғасын тапты. «Ұланды елдің ұрпағы қайсар» атты тақырыпта Б.Мукашева мектеп түлектерімен кездесуді ұйымдастырса, «Әкелер мектебінің» жұмысын Жанғали Мырзағалиұлы «Әкенің ақылы – асыл қазына» тақырыбында өрбітті. 6-сынып жетекшісі К.Оспанова «Батыр елдің қайсар ұландары» атты жасанды интеллект арқылы ұлттық рухты оятын әсерлі тәрбие сағатын және Р.Бакишеваның «Адал ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Семинарға Алматы қаласынан арнайы келген «Желтоқсан ақиқаты» патриоттық қозғалысының төрағасы С.Бейсенғазы және Желтоқсан көтерілісіне қатысқандар: С.Тоқсейітова, С.Мамырбаев, Ж.Нургазиева қатысты. Ауған соғысының ардагері М.Құсайынов, мектеп түлектері:



Аягөз ауданының ТЖБ инженері М.Кажебаев, Аягөз аудандық ішкі істер бастығы Қ.Абишев, Орталық спорт клубы кешенінің бастығы Ж.Адилбеков, Аягөз орманшылығының басшысы Е.Нуртаев, аудандық мәслихатының аппарат басшысы Б.Дарханұлы, А.Дюсегалиев, Қ.Жумағалинов, А.Қалиев сынды қонақтар қатысты.

Олардың әр сөзінен елге қызмет ету – оңай борыш емес, бірақ қасиетті міндет екені сезіліп тұрды. Мектептің Ардагерлер кеңесінің төрайымы А.Елеуова және Қ.Кутентаев, Т.Нұртазина,

Ш.Балтабайқызы сынды ардагер ұстаздар мен мектеп ұжымы да кештің мазмұнын тереңдете түсті. Мектеп директоры Лаззат Тұрсынқызы семинарды қорытындылап, келген қонақтарға алғысын білдірді. Бұл басқосу жоғарғы деңгейде өтті.

Жанғали МАДЫМОВ,
№5 жалпы орта білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Абай облысы,
Аягөз ауданы

ПРОСВЕЩЕНИЕ

В Казахстане выходит отечественный мультфильм, объясняющий детям основы финансовой грамотности

В соответствии с поручением Главы государства продолжается комплексная работа по повышению финансовой грамотности учителей и учащихся. Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Министерства просвещения РК совместно с Национальным банком РК подготовили анимационный фильм, направленный на обучение детей базовым навыкам управления деньгами.

«Қаржы әлемі» – 12-серийный мультсериал о школьниках, живущих в лесном городке. В каждой серии раскрываются финансовые ситуации, с которыми сталкиваются персонажи Барс, Архар, Кулан, Рысь, Белка, Полевка и Еж. В простой и понятной форме объясняются такие понятия, как рациональное использование денег, сбережения, планирование, труд и инвестиции. Помимо этого, через сюжетные линии героев поднимаются темы финансового мошенничества и пирамид, а также рассматриваются способы защиты от них.



ЖАЗЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ОНЛАЙН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

1. POST.KZ сайты немесе мобильді қосымшасына кіріңіз. «Басылымдарға жазылу» бөліміне өтіңіз.
 2. Тұрғылықты мекенжайыңызды таңдаңыз.
 3. Іздеу жолағына басылымның индексін енгізіңіз: 64603 (Білімді ел – Образованная страна).
 4. «Басылымға жазылу» батырмасын басыңыз.
 5. Жазылу айлары мен санын таңдаңыз. «Өзгерту» батырмасын басып, қажет жолақта квартал бойынша айлардың жанына плюстиктерді қойып, өзгерістерді сақтаңыз.
 6. Төменде жеткізу мекенжайын қосыңыз.
 7. Әрмен қарай «Себетке» өтіңіз.
 8. Жазылымды төлеу үшін төлем әдісін таңдаңыз.
 9. Банк картаңыздың мәліметтерін енгізіп, төлемді жүзеге асырыңыз.
 10. Жазылым түбіртегін сақтап қойыңыз. Кейін ол сізге газет беттерінде мақалаңызды тегін жариялауға мүмкіндік береді.
- Қызмет 24/7 қолжетімді және жеткізілім клиент көрсеткен мекенжай бойынша іске асырылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жарқын Құрылыс» ЖШС «Астана қаласы, Сарайшық ауданы, 108 А көшесі, 36-уч. мекенжайы бойынша көппәтерлі тұрғын үй және паркинг құрылысы, оқушылар үйі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Екінші кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз)».

Жария талқылаулар 17.12.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және ПР <https://ndbecology.gov.kz>. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Жарқын Құрылыс» ЖШС. Тел.: +7 701 250 30 81.

«Хасанова Г. А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел.: +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел.: +7 (7172) 55-75-08.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Жарқын Құрылыс» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого дома и паркинга, дом школьника, по адресу г. Астана, р-н Сарайшық, ул. 108 А, уч. 36. Вторая очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 17.12.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Жарқын Құрылыс» тел. +7 701 250 3081. Разработчик проекта – РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

Бас редактор:

Лаззат Мақсұтқызы
Түркістанова

Редакция мекен жайы:

ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.
E-mail: bilimdi_el@mail.ru

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.

Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі: 64603.

Редакциялық кеңес: Онланбекқызы Г., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор;

Мұқанова С.Д., педагогика ғылымдарының докторы, доцент; Набатникова Т.И., педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер.

Шығарушы редактор: Жанет Сүлейменова (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша) | Дизайн және беттеу: Эрик Муратов

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейддинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

Таралымы: 15 000 дана
Тапсырыс: 239

Газет апта сайын сейсенбіде шығады

ЖАЗЫЛУ-2026!**Құрметті жазылушылар!**

2025 жылы 6 қазаннан 2026 жылға республикалық басылымдарға жазылу науқаны басталды. Жазылу мерзімі 2025 жылғы 25 желтоқсанға дейін. Жазылымды «Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімшесінде, сондай-ақ **Post.kz** сайты немесе **Kaspi.kz** мобильді қосымшасы арқылы рәсімдеуге болады.

«Білімді ел – Образованная страна» газетіне жазылу бағасы:**Жеке тұлғалар (ауыл, қала):**

жартыжылдық – 5479,44 теңге;
жылдық – 10958,88 теңге.

Заңды тұлғалар (ауыл, қала):

жартыжылдық – 6575,28 теңге;
жылдық – 13150,56 теңге.

Құрметті «Білімді ел – Образованная страна» газетінің оқырмандары!

Сізден сүйікті апталық білім беру газетіне жазылуды қолдауыңызды сұраймыз! Газетте – білім берудің объективті жаңалықтары. Бәрі де балабақшалар, колледждер, мектептер, Қазақстанның ЖОО туралы. Барлық соңғы жаңалықтар мен аналитика, педагогтер туралы очерктер, ЖОО-ға шолулар, мектеп және студенттік өмір. Газетте – елорданың, қалалар мен барлық өңірлердің білім саласы туралы егжей-тегжейлі! Үздік сарапшылар, педагогтер, басшылар. Бізбен бірге болып, өзіңізді газетіміздің беттерінен табыңыз. Газет аттестаттауға арналған басылымдардың БАҚ тізіміне кіреді. Біздің газет сіз үшін сүйіспеншілікпен шығарылады!

Ескерту

Kaspi.kz арқылы жазылу үшін:

Kaspi – Төлемдер – Басқа – Баспа БАҚ – «Білімді ел – Образованная страна» – жазылу мерзімі – толық мекенжай.

Газет редакциясы

ПОДПИСКА-2026!**Уважаемые подписчики!**

С 6 октября 2025 года началась подписная кампания на республиканские издания на 2026 год. Срок подписки до 25 декабря 2025 года. Подписку можно оформить в любом отделении АО «Казпочта», а также на сайте **Post.kz** или через мобильное приложение **Kaspi.kz**.

Стоимость подписки на газету «Білімді ел – Образованная страна»:**Физические лица (село, город):**

полугодовая – 5479,44 тенге;
годовая – 10958,88 тенге.

Юридические лица (село, город):

полугодовая – 6575,28 тенге;
годовая – 13150,56 тенге.

Уважаемые читатели газеты «Білімді ел – Образованная страна»!

Просим вас поддержать подпиской свою любимую еженедельную образовательную газету! В газете – самые объективные новости образования. Всё про детсады, колледжи, школы, вузы Казахстана. Все самые свежие новости и аналитика, очерки о педагогах, обзоры вузов, школьная и студенческая жизнь. В газете – подробно об образовании столицы, городов и всех регионов! Лучшие эксперты, педагоги, руководители. Будьте с нами, находите себя на страницах нашей газеты. Газета входит в Перечень СМИ публикаций для аттестации. Наша газета с любовью издаётся для вас!

Примечание

Для подписки на Kaspi.kz:

Kaspi – Платежи – Другое – Печатные СМИ – «Білімді ел – Образованная страна» – период подписки – подробный адрес.

Редакция газеты

